

### №3 Мәртөк орта мектебінің 4 «А»класс жетекшісі Сеілхан Таңшолпанның тәрбие жұмысы бойынша жүргізілген жұмыстарының ІІ жарты жылдық қорытынды есебі

Биылғы 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан- жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу. Оқушылар бойында азаматтық сана, адамгершілік, толеранттылық, жалпы мәдени, салауатты өмір салты, шығармашылық қабілетін іске асырудың жоғары деңгейін қалыптастыру, ұлттық тәрбиежүйесін дамыту және жаңғырту, патриотизімге тәрбиелеу. Оқу жылының ІІ жарты жылдығының басында 4 «А» класында барлығы 19 оқушы болды 8 ұл, 11 қыз бала. Жыл соңында барлығы 19 оқушы болды 8 ұл, 11 қыз. Жыл басында тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылып, сол бойынша жұмыстар жүргізілді. Класта отбасының әлеуметтік жағдайы төмен оқушылар 3-еу жок және толық емес отбасы 1-еу. Көп балалы отбасынан 4 оқушы бар.

Қаңтар айының басындағы сабағымызды «Кітап-жан азығы» тақырыбымен бастадық. Оқушыларды кітапты сүйеге, оны күтіп ұстауға тәрбиелеу, кітаптың адам өміріндегі аса маңызды рөлін түсіндіріп, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оқулықты күтіп ұстауға үйрету. «Қауіпсіз интернет» тақырыбындағы сабағымызда оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстырдым. "Қыс қызығын тамашалау" сабағымызда табиғат тамашаларына деген қызығушылығын арттыру. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін жетілдіру, қыс мезгілі туралы білім қалыптастыру. Қыс мезгіліндегі табиғат ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.

Ақпан айында «Бала құқығы-ел құқығы» атты тақырыбымен бастадық. Оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету, құқықтық тәрбие беру. Одан кейін «Төрт түлігім - ырысым» деп аталатын сабағымызда үй жануарларын таныстырып, төрт түлік жайлы түсініктерін кеңейту. Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын байыту. үй жануарларының қысқы азықтары туралы айтып, балаларға жануарларды күтіп бағуға сүйіспеншілігін ояту, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу болды. «Ғажайып лабиринт» атты интеллектуалдық сайыс өткіздім. Мақсаты мақал-мәтел, жұмбақтар айту арқылы оқушыларды көркем, ұтымды сөйлеуге үйретіп, олардағы негізгі ойды білдіру. Оқушылардың тіл байлығын арттырып, ойлау қабілетін дамыту. Адамгершілікке, адалдыққа тәрбиелеу. Ата-бабаларымыздың өсиетін қадір тұтуға, мақал-мәтел, жұмбақ, шешендік өнер арқылы өз елінің тарихын білу, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді сыйлауға баулу болды.

Наурыз айында «Мінез – құлық әліппесі» тақырыбымен бастадық. Оқушылардың мінез-құлық туралы түсініктерін кеңейту. Мінездегі жетістіктер мен міндерді ажырата білуге үйрету. Жақсы мінез қалыптастыруға ықпал ету. Адамгершілікке тәрбиелеу болды. «Ардақты ана, аяулы қыз» шарамыздың мақсаты 8 - наурыз - Халықаралық әйелдер мерекесін атап өту. Анаға деген мейірімді, сүйіспеншілікті арттыру, үлкенге ізет, кішіге үлгі бола білуге үйрету. Оқушы бойында ізгілік, инабаттылық, биязылық сияқты қазақ қызына тән жақсы қасиеттерді қалыптастыруға тәрбиелеу болды. «Наурыз – салт-дәстүр мерекесі» атты сабағымыздың мақсаты оқушыларға Ұлыстың ұлы күні туралы толық мағлұмат беру, халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын үйрете отырып, Наурыз қазақтың ұлттық мейрам екенін ашып көрсету; оқушылардың санасына халқына деген мақтаныш сезім ұялату, өнерін, мәдениетін қастерлей дамыта оқытып үйрету; мерекеге байланысты ұлағатты сөздердің мағынасына қарай оқушыларды адамгершілікке, елін, Отанын сүйеге, ұлттық салт-дәстүрді дәріптеуге тәрбиелеу болды.

Сәуір айында «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» атты тақырыбымен бастадық. Оқушылардың зиянды заттар туралы білімдерін терендету, салауатты өмір салтына және имандылыққа тәрбиелеу, нашақорлықтың зардаптарын айту Темекінің зияны ғылыми дәлелденген деректер бойынша нақты фактілер мен түрлі- түсті слайдтар арқылы көз жеткізу болды. «Біз доспыз бәрімен!» сабағымызда оқушыларға Қазақстанның көпұлтты мемлекет екендігін, және біздің мектептің өзінде басқа ұлт өкілдері оқитындығын олармен бірге тәті болу керектігін ұғындыру, барлық ұлт өкілдері достық, бейбітшілік, тыныштықты қалайтыны туралы мәлімет беру. Оларды бірлікке, татулыққа,ынтымақты болуға шақыру. Бір-бірін сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу болды. «Әлеуметтік желі мәдениеті» сабағымызда интернет желісінде қаншалықты отыру пайдалы, зиян екенін түсіндірдім. Әлеуметтік желіні қолдану арқыл көптеген пайдалы істермен айналысу керектігін үйрету. Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу болды. «Денсаулық ең басты қажеттілігі» шарамызда оқушыларға ағза үшін шынығудың маңызы туралы әңгімелеу, түсіндіру. Сөйлеу, ойлау қабілеттерін арттырып, алған білімдерін дамыту. Ағзаны күн сәулесімен, ауамен шынықтыра түсуге тәрбиелеу болды.

Мамыр айында «Бірлік күні» атты тақырыбымен бастадық. Оқушыларға Қазақстан Республикасы әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып сырттан келген басқа ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығын ұғындыру Қазақстандық патриотизмге, елін, жерін сүйуге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу. Басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, әдет-ғұрпын сыйлауға үйрету. «7-мамыр Отан қорғаушылар күні!» атты сабағымызда Оқушыларға Ұлы Отанды сүйуге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу. «Менің сүйікті ертегі кейіпкерлерім» сабағымызда ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Ойдан салу, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балаларды өзі жақсы көретін ертегі кейіпкерлерін қағаздан қиып, желімдеп орналастыруға үйрету болды. «Сарқылмас ұлылықтың бастауысың, Саған мәңгі қарыздармын бастауышымың» атты бастауыш класпен қоштасу іс – шарамызды да өткіздік. Жыл бойы өткендерімізді қайталап, сабақ берген мұғалімдерге деген алғыстарымызды жаудырып жоғары деңгейде тәрбие сағатымызды аяқтадық.

II жарты жылдықта жасалған жұмыстар қорытылып, ата-аналар жиналысы өткізілді. Оқушылардың жеке іс қағаздарына қол қойылып, қысқы демалыста қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігі туралы айтылды.

**Ұсыныс.** Келесі жылғы мақсат міндеттерімді ары қарай жалғастырып, оқушылардың бойында ізгілікті, адамгершілікті қасиеттерді қалыптастыра отырып, бәсекеге қабілетті жеке тұлға болып тәрбиеленуге бағыт бағдар беру және саналы, ойлы, өзін - өзі ұстай білетін азаматтар болуға тәрбиелеуге жұмыстанамын. Осы мақсатымды іске асыру үшін төмендегідей міндеттер қоямын.

- 1.1-ші класс оқушыларын ортаға бейімдеу, мектепшілік ережелермен таныстырып, қоғамдық жұмыстарға араластыру.
2. Аудандық мектепшілік үйірмелерге қатысу.

Класс жетекшісі:



Сеилхан Т



ОҚУ - БІЛІМ БҰЛАҒЫ,  
БІЛІМ - ӨМІР ШЫРАҒЫ



ОҚУ - БІЛІМ БҰЛАҒЫ,  
БІЛІМ - ӨМІР ШЫРАҒЫ









